**Қазақстан Республикасының балық шаруашылығы су айдындарында су жануарларын кәсіпшілік пайдалану үшін төлемдердің ставкалары мен спорттық-әуесқойлық (рекреациялық) балық аулау жүргізуге арналған рұқсаттың құнын бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 28 шілде N 711. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002.04.15. N 429 қаулысымен. ~P020429

"Жануарлар дүниесін қорғау, ұдайы өндіру және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заңына Z933300_ сәйкес, республиканың балық шаруашылығы су айдындарында балықты және басқа да су жануарларын кәсіпшілік аулауды (алуды) және оларды ұтымды пайдалануды ретке келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 1-4-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасының балық шаруашылығы су айдындарында су жануарларын кәсіпшілік пайдалану үшін төлемдердің ең төменгі ставкалары мен спорттық-әуесқойлық (рекреациялық) балық аулауды жүргізуге арналған рұқсаттың құны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман, балық және аң шаруашылығы комитеті:

су жануарларын кәсіпшілік пайдалану үшін төлемдердің бекітілген ең төменгі ставкаларын рыноктың балыққа және балық өнімдеріне арналған конъюнктураларының өзгеруіне байланысты арттыруға рұқсат берсін;

бір айлық мерзім ішінде Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлемдер алудың, оны қорғаудың және ұдайы өндірудің тәртібін әзірлесін және Қаржы министрлігімен келісім бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне енгізсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

1998 жылғы 28 шілдедегі
N 711 қаулысына
1-қосымша

## Қазақстан Республикасының балық шаруашылығы су айдындарында су жануарларын кәсіпшілік пайдалану үшін төлемдердің ең төменгі ставкалары

| N р/с | Балық шаруашылығы бассейіндері мен су айдындарының атауы | Су жануарларын пайдаланғаны үшін төлемдердің ең төменгі ставкалары(1кг үшін, теңіз аңының 1 басы үшін теңгемен) | | | | | | | | | | | | | |
| --- | --- | --- | --- | --- | --- | --- | --- | --- | --- | --- | --- | --- | --- | --- | --- |
| | | бекіре балықтар | ірі шағын балық | қаракөз | ұсақ шағын балық | табан балық | жайын | шортан | шабақ | селетке | тікен балық | теңіз аңы | мөңке | сиг балық | камбалатары |
| 1. | Орал-Каспий бассейні | 25 | 6 | 4 | 4 | 2 | 6 | 5 | 1 | 7 | 6 | 450 | | | |
| 2. | Балқаш-Іле бассейні | | 6 | | 4 | 2 | 6 | 5 | | | | | | | |
| 3. | Зайсан-Ертіс бассейні | | 6 | | 4 | 2 | 6 | 5 | | | | 3 | 10 | | |
| 4. | Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Қарағанды облыстарының су айдындары | | 6 | | 4 | 2 | | 5 | | | | 3 | 10 | | |
| 5. | Ақтөбе, Қызылорда облыстарының су | | 6 | | 3 | 2 | 6 | 5 | | | | 3 | | 3 | |

| | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | айдындары | | | | | | | | | | | | | | |
| 6. | Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл облыстарының су айдындары | | 6 | | 3 | 2 | 6 | 5 | | | | | 3 | | |

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 28 шілдедегі
N 711 қаулысына
2-қосымша

Қазақстан Республикасының азаматтары үшін балықтарды алу арқылы спорттық-әуесқойлық (рекреациялық) балық аулауды жүргізуге арналған рұқсаттың құны

| N р/с | Күндердің саны | Бір әуесқой балықшыға арналған ауланған балықтың мөлшері(кг) | Балықтардың түрлері бойынша рұқсат үшін ақы төлеу: шаян тәріздестер | ірі шағын балық | бекіре балықтар | сиг балықтар, албырт балықтар | шортан, мөңке, ұсақ шағын балық |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 10 | 300(100 данасы үшін) | 120 | 1 данасы үшін 1250 | 310 | 80 |
| 2 | 6 | 30 | 900(300 данасы үшін) | 600 | 2 данасы үшін 2500 | 1550 | 400 |
| 3 | 10 | 50 | 1500(500 данасы | 1200 | 4 данасы үшін 5000 | 3100 | 800 |

| | | |үшін) | | | |
|__|_______|___________|_________|_____|____________|_________|___________

Ескерту: Қортпа балықты аулау кезінде рұқсаттың құны
бір данасы үшін 5000 теңгені құрайды

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 28 шілдедегі
N 711 қаулысына
3-қосымша

Шетелдік азаматтарға арналған Қазақстан Республикасының балық
шаруашылығы су айдындарында "ұстау-қоя беру" принципінің
негізінде балықтарды алмастан спорттық-әуесқойлық
(рекреациялық) балық аулауды жүргізуге арналған
рұқсаттың құны

| N р/с | Балықтар түрлерінің атауы | Рұқсат қолданылатын күндердің саны | Бір әуесқой-балықшыға рұқсат алуға арналған құны (теңгемен) |
| --- | --- | --- | --- |
| 1 | Ірі шағын балық | 5 күн | 1875 |
| | | 10 күн | 3750 |
| 2 | Бекіре балықтар | 5 күн | 7500 |
| | | 10 күн | 15000 |
| 3 | Албырт балықтар мен сиго балықтары | 5 күн | 2500 |
| | | 10 күн | 5000 |
| 4 | Шортан, мөңке және ұсақ шағын балық | 5 күн | 1250 |
| | | 10 күн | 2500 |

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 28 шілдедегі

N 711 қаулысына
4-қосымша

Шетелдік азаматтарға арналған Қазақстан Республикасының балық шаруашылығы су айдындарында балықтарды алу арқылы спорттық-әуесқойлық (рекреациялық) балық аулауды жүргізуге арналған рұқсаттың құны

| N р/с | Балықтар түрлерінің атауы | Рұқсат қолданылатын күндердің саны | Балық аулаудың нормасы (кг) | Бір әуесқой-балықшыға рұқсат алуға арналған құны (теңгемен) |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Ірі шағын балық | 5 | 25 | 3125 |
| | | 10 | 50 | 6250 |
| 2 | Бекіре балықтар | 5 | 2 дана | 20625 |
| | | 10 | 4 дана | 41250 |
| 3 | Албырт балықтар мен сиго балықтары | 5 | 25 | 5625 |
| | | 10 | 50 | 11250 |
| 4 | Шортан, мөңке және ұсақ шағын балық | 5 | 25 | 1875 |
| | | 10 | 50 | 3750 |

Ескерту: Қортпа балықты аулау кезінде рұқсаттың құны бір данасы үшін 41250 теңгені құрайды

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК